

Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының
білім бөлімінің «Жансәби» бөбекжай балабақшасы жекеменшік
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Менгеруші жанындағы кеңес



2025-2026 оқу жылы

Бекітемін:
«Жансәби» бөбекжай балалақша
меңгерушісі: Сапарбаева Г.А.

2025-2026 оқу жылының меңгеруші жанындағы
кеңес жоспары мен хаттамалары

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
	№1 кеңес	Тамыз		
1.	1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Білім беру жүйесінің міндеттерімен таныстыру. 2. Педагогтардың біліктілігін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізу. 3. «Алтын күз» мерекелерінің бағдарламасын бекіту. Бастанқы мониторинг бойынша жұмыс жүргізу.		Б/б меңгерушісі	
	№2 кеңес	Қараша		
2	1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде есеп алу. 2. Балалармен жұмыс барысында санитариялық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптардың орындалуын қадағалау. 3. Бала өмірін ұйымдастыру. Құнарлы тамақтану нормаларының орындалуы.		Б/б меңгерушісі	
	№3 кеңес	Қаңтар		
3	1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. Тәрбиеленушілердің білім деңгейін анықтау. Аралық мониторинг. 3. Ортаңғы және ересек топтардағы күн тәртібіндегі таңғы жаттығу мен гигиеналық шараларды орындау қорытындысы.		Б/б меңгерушісі Топ тәрбиешілері	

	№4 кеңес	Наурыз		
4	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалу жөнінде есеп. 2. «Аналар мерекесі», «22-наурыз мерекесі» іс-шараларының бағдарламасын бекіту. 3. Балалар мен тәрбиешілер арасында алғашқы көмек көрсету тәртібін түсіндіру.		Б/б меңгерушісі Топ тәрбиешілері Медбике	
	№5 кеңес	Мамыр		
5	1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалу жөнінде. 2. «Балабақшамен қоштасу» және «1-маусым балалар күніне» арналған іс-шараларды бекіту. 3. Өрт және басқада төтенше жағдайларға дайындық.		Б/б меңгерушісі Топ тәрбиешілері Әдіскер	

Хаттама №1

25.08.2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Білім беру жүйесінің міндеттерімен таныстыру.
2. Педагогтардың біліктілігін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізу.
3. «Алтын күз» мерекелерінің бағдарламасын бекіту. Бастапқы мониторинг бойынша жұмыс жүргізу.

Меңгеруші жанындағы кеңес төрайымы: Сапарбаева Г.А.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: 0

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Сапарбаева Г.А. 2025-2026 оқу жылына дайындығы мен жылдық жұмыс жоспарды бекіту бойынша сөз алды. Жылдық жұмыс жоспар мен ұйымдастырылған іс-әрекеттерді ұйымдастыру балақша жұмысы мен еңбек талаптарына сай болуы шарт. Әдістемелік ұсынымдар бойынша тәрбиешілер циклограмма мен перспективаны жазуда үлкен шеберлік танытуы қажет. Балалардың жас ерекшелігін ескеру маңызды. Балабақша ұжымындағы әрбір қызметкерлер өз міндеттерімен талапқа сай таныстырылып, жұмыс барысы түсіндірілді. Өз кезеңінде тәрбиеші мамандарымыз өз біліктілігімен күзиреттілігін арттыру мақсатында біліктілігін арттыру курстарынан өтуі міндеттелсін.

Үлгілік оқу бағдарламасын сай білім беру жүйесі күшейтіліп, тәрбиеленушілермен жұмыс барысында жаңа технологияларды қолдану ұсынылды.

«Алтын күз» мерекесі бойынша ертеңгілік ұйымдастырылып, жеміс-жидектер мен көкеністер қатысумен көрме ұйымдастырылсын. «Алтын күз» ертеңгілігіне қатысты ұсыныстар айтылып, іс-шара бекітілді. Күз мезгілін балаларға ұғындыруда табиғат аясындағы серуеннің артықшылықтары айтылды. Сарғайған жапырақтар, жаңбыр, жел, құстардың жылы жаққа ұшуы мен қыстап қалатын құстар сынды табиғат құбылыстары мен қоршаған әлем бойынша түсінік қалыптастыру. Балалар естігенді емес, көзбен көру

және ұстап көру арқылы тез ұғынады. Табиғат аясына саяхат ұйымдастыруда балаларға қызықты болады деп сенемін.

Оқу жылының бастапқы кезеңі бойынша балалардың жеке даму ерекшеліктері мен физикалық қасиеттерін бірден аңғаруға болады. Оларды үнемі бақылау арқылы бастапқы мониторинг тізбегін жасап, даму көрсеткіштерін саралау айтылды. Әрбір жеке тәрбиеленушінің жеке даму картасы құрылып, бақылау жүргізілсін. Топ ішіндегі жүріс-тұрысы, мінез-құлқы балалармен бірлескен жұмысқа қатыса білуі, өз ойын жеткізе алуы, физикалық қасиеттері және т.б. ескерілсін.

Шешім:

1. Бағдарлама бойынша іс-шараларды жоспарлау.
2. Педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша курстан өтуін бақылау.
3. Бастапқы мониторинг бойынша жұмыс жүргізу.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Сапарбаева Г.А.
Касынбекова К.А.

Хаттама №2

03.11.2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде есеп алу.
2. Балалармен жұмыс барысында санитариялық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптардың орындалуын қадағалау.
3. Бала өмірін ұйымдастыру. Құнарлы тамақтану нормаларының орындалуы.

Меңгеруші жанындағы кеңес төрайымы: Сапарбаева Г.А.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: 0

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Сапарбаева Г.А. өткен кеңес шешімдері бойынша жұмыстың сапасын сөз етті. Педагогтардың тыңғылықты жұмыс атқаруына назар аударды. Педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша курстардан өтуін қадағалады. Мерекелік іс-шаралардың ұйымдастырылуы бойынша қосымша ұсыныстар айтылды.

Тыңдалды: Балабақша медбикесі Қантүре Г.С. сөз алды: Балабақшадағы балалармен жұмыс барысында санитариялық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптардың орындалуын қадағалау туралы айтты. Балабақшадағы жатын, ойын бөлмелерін жинастыру, мүкамалардың бөлек ұсталатындығын, балалардың бет сүлгісі мен бір реттік майлықтары күнделікті жуылады. Ойыншықтар 21 сабынды, содалы ерітіндімен күнде жұмыс соңында жуылады. Жұмсақ ойыншықтар 25 см қашықтықта бактерецидті шамдармен, дәретхана едені, есік тұтқасы, рокавина-унитаздар күнде жылы сабынды сумен жуылады. Ішкі жағы квачпен жуылады. Жалпы балабақшада санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау жүзеге асырылып жатқанын айтты.

Балалар тағамы құрамында түрлі жеміс-жидектерді, салатқа көкөністерді қосу керектігін айтты. Жемістерден күнде балғын компот қайнатып берілу керектігі айтылды. Қылтықсыз балық сорпасын көптеп беру ұсынылды. Тағам құнарлығының сапалы болуын ескертті. Асхана ішіндегі тазалық қатаң түрде сақталсын.

Шешім:

1. Бағдарлама бойынша іс-шараларды жоспарлау.
2. Педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша курстан өтуін бақылау.
3. Құнарлы тамақтану нормаларын реттеу.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:

Сапарбаева Г.А.
Касынбекова К.А.



Хаттама №3

12.01.2026 жыл

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Тәрбиеленушілердің білім деңгейін анықтау. Аралық мониторинг.
3. Ортаңғы және ересек топтардағы күн тәртібіндегі таңғы жаттығу мен гигиеналық шараларды орындау қорытындысы.

Меңгеруші жанындағы кеңес төрайымы: Сапарбаева Г.А.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: 1

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Сапарбаева Г.А. өткен кеңес шешімдері бойынша жұмыстың сапасын сөз етті. Балабақша ішіндегі тазалық жұмыстары мен ойыншықтардың жуу тәртібі бойынша тәрбиеші көмекшілердің жұмысына оң баға берді. Сынған жарамсыз ойыншықтар мен құрал-жабдықтардың топ ішінде болмауын қатаң түрде ескертті. Сөрелердегі әрбір заттың тазалығына назар аударды.

Тәрбиеленушілерді білім сапасының деңгейін анықтау мақсатында аралық мониторинг бойынша есеп алды. Тәрбиеленушілердің білім деңгейін, даму ерекшелігіне назар аударды. Топ ішіндегі тәрбиеленушілер арасындағы қарым-қатынасты маңыздылығы ескерілді. Осы орайда тәрбиеші **тәрбиеші Мәжіт А. сөз алды:** тәрбиеленушілердің бастапқы мониторинг кезіндегі көрсеткіші мен аралық мониторинг барысындағы даму көрсеткіші өсгендігін айтты. Олардың күнделікті іс-әрекет бойынша әрбір жасалынып жатқан іс-әрекетке қатысуы күннен күнге қызығушылықтары артып, оң нәтижесін беруде. «Балапан» ортаңғы топ бойынша тәрбиеленушілер физикалық тұрғыдан жақсы көрсеткіштер көрсетуде. Тәрбиеленушілердің таңғы жаттығуға аса мән беріп, қимыл-қозғалысты жақсы меңгергенін айтты. Гигиеналық шаралар (бетті жуу, қолды жуу, тіс тазалау) дұрыс қалыптасқан. Алайда кейбір тәрбиеленушілермен әліде жұмыс жасау қажеттігін жеткізді.

Меңгеруші Сапарбаева Г.А. тәрбиеленушілердің толық қалыптасу дағдылары бойынша жұмыстар күшейтілсін. Таңғы жаттығу барысында әртүрлі қызықты етіп өткізуді ұсынды. Балалардың сөйлеу, әлеуметтік, шығармашылық жұмыстары бойынша даму көрсеткіштерін арттыруды жеткізді. Әліде жұмыс жүргізуді қажет ететін бағыттар: ұсақ қол моторикасы, сөздік қорды байыту, дербестік дағдылар.

Шешім:

1. Аралақ мониторинг көрсеткіштері бойынша жұмысты күшейту.
2. Тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеті бойынша жұмыстар ұйымдастыру.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Сапарбаева Г.А.

Касынбекова К.А.

Хаттама №4

01.03.2026 жыл

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалы жөнінде есеп.
2. «Аналар мерекесі», «22-наурыз мерекесі» іс-шараларының бағдарламасын бекіту.
3. Балалар мен тәрбиешілер арасында алғашқы көмек көрсету тәртібін түсіндіру

Меңгеруші жанындағы кеңес төрайымы: Сапарбаева Г.А.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 9

Қатыспағаны: 0

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Сапарбаева Г.А. сөз алды: Ортаңғы және ересек топтардағы күн тәртібіндегі таңғы жаттығулар мен гигиеналық шаралардың орындалуын тәртібіне оң баға берді. Күнделікті іс-әрекет барысындағы балалардың қимыл қозғалыс белсенділігі жақсы деңгейде екендігін мәлімдеді.

Көктемнің шуақты күнімен бірге келетін «8-наурыз аналар мересі» және «22-наурыз Ұлыстың ұлы күні» айтулы мерекені керемет деңгейде өткізу қажеттілігін ескертті. Балабақша ішіндегі әрбір мерекенің бала үшін маңызы зор. Сахна олар үшін қорқыныш емес, өз өнерін паш ете алатын орын болуы қажет. Әрбір мерекенің маңызы мен мән-мағынасын сезіне білу қажет. Балалардың сахна кезінде өзін ұстай алуы, қорықпауы, еркін сезінуі үшін үлкен дайындықтың керекгін жеткізді. Көрермен ретінде ата-аналардың қатысуын міндеттеді. Ата-аналар бізден көп үміт күтеді. Мерекелік костюмдар мен сахнаның әсем безендірілуі балалар үшін керемет көңі-күй сыйлайды. Аналарына деген жылы лебіздерін білдіріп, олардың алдында өнер көрсету біз үшін де қуаныш. 8-наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктерде сахнаның безендірілуі мен аналарға балалардың қолдарынан жасалған сыйлықтарды ұсыну айтылды.

22-наурыз Ұлыстың ұлы күні қазақ халқы үшін айтулы мереке. Күн мен түннің теңелуі, көктемнің шуақты күндері, қардың еріп ағаштардың бүршік атуы, төрт-түліктің төлдеуі барлығы керемет көрініс. Осындай керемет көріністі балаларымызға түсіндіре отырып, ұлттық құндылығымызды дәріптей білуіміз қажет. Балабақша-білімнің бастауы десем қателеспеспін. Балалардың алғашқы таным түсініктері бізден бастау алады. Сол себепті күнделікті өмірде балапандарымызға ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрімізді дәріптей білу керекпіз. Осы орайда әжелер алқасын шақырып, киіз тігіп балаларға асық ату, арқан тартыс, көкпар ойынын ойнатуды ұсынамын.

Келесі мәселе бойынша балабақша медбикесі Қантүре Г.С. сөз сөйледі. Балабақша аумағындағы жалпы келенсіздіктердің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Таңертеңгі қабылдау кезінде балалардың денсаулығына аса мән беру керетігін айтты. Ойын алаңы немесе топ ішінде балалардың жарақаттануы немесе бас айналу, құсы сынды оқиғалар кезінде алғашқы көмек көрсеу бойынша түсіндіріп өтті. Тәрбиеленуші денелерінде бөртпен немесе аллергия, сонымен өатар жара болған жағдайда дереу орталық аурухана тексеріске жіберу керектігі және оқшаулау бойынша ұсыныстар айтты. Әрбір баланың денсаулығы мен қауіпсіздігі басты назарда ұстау қажет. Егер тәрбиеленуші үй жағдайында аурып қалған жағдайда, ата-анасымен байланысып отыру керектігін ескертті.

1. Ертеңгіліктер бойынша жұмыс жоспары бекітілсін
2. Ұлттық құндылықтар бойынша қолөнер жұмыстары жүргізілсін.
3. Алғашқы көмек көрсету бойынша дәрі-дәрмектер толықтырылсын.

Can
Kao

Сапарбаева Г.А.
Касынбекова К.А.

Хаттама №5

18.05.2026 жыл

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалу жөнінде.
2. «Балабақшамен қоштасу» және «1-маусым балалар күніне» арналған іс-шараларды бекіту.
3. Өрт және де басқада төтенше жағдайларға дайындық.

Меңгеруші жанындағы кеңес төрайымы: Сапарбаева Г.А.

Хатшы: Касынбекова К.А.

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: 0

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Сапарбаева Г.А. сөз алды: өткен кеңес шешімдер бойынша оң бағасын берді. Өткізілген іс-шаралар жақсы деңгейде өтті. Ата-аналардың қатысумен болған іс-шара кезінде ата-аналар балалардың өнеріне тәнті болды. Ұлттық ойындар барысы өте қызықты өтті. Дегенмен балабақша жұмысы мүлде тоқтамайды. Келесі кезекте «Балабақшамен қоштасу» және «1-маусым балалар күні» мерекесі келе жатқанын жеткізгім келеді. Иә әрине тәрбиеші мамандығы оңай емес, дегенмен әрбір ертеңгіліктерімізді өткізуде үлкен күш-жігер қажеттігін айтқым келеді. Сахналық безендірумен қойылымдар бойынша жұмыс жүргізуді ұсынамын. Ертеңгіліктер барысында балалардың көңілін көтеру үшін арнайы кейіпкерлер киімдерін киюді ұсынамын. Балаларға ертеңгілік барысында балабақша атынан тәттілер мен ойыншықтар сыйлауды қолға алу керек.

Алдағы кезең бойынша өрт-қауіпсіздік шараларын қатаң қадағалауды ескертемін. Барлық өрт қауіпсіздігіне байланысты құрал-жабдықтардың талапқа сай және мерзімі тексерілсін. Топ ішіндегі электрорлы тоқ көздерін балаларға қауіпсіз екендігін үнемі тексеріп отыру керек. Өрт-қауіпсіздігі бойынша ашық сабақтар мен көрнекіліктер ұйымдастырылсын. Тәрбиеші мамандар өрт қауіпсіздік ережесімен таныстырылды.

Шешім:

1. Ертеңгіліктер бойынша жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Өрт қауіпсіздігі бойынша жұмыстар атқарылсын.
3. Жазғы сауықтыру жұмыс жоспарын құру жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Сапарбаева Г.А.

Касынбекова К.А.